

Түркістан облыстық ұйымында кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру жұмысының жағдайы туралы

Кәсіподақтың Атқару комитетінің жұмыс жоспарына сәйкес Орталық комитет аппаратының қызметкерлері – Кәсіподақ төрағасының орынбасары Ә.Ә. Әбиева, Кәсіподақтың ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің бас маманы А.Б. Бітімбай, ағымдағы жылғы 29-30 мамырда Түркістан облыстық ұйымының кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру жұмыстарының жағдайы туралы ақпарат дайындау мақсатында Түркістан облысына іссапарға жіберілді.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Түркістан облыстық ұйымы» ҚБ-ның құрамына 168 бастауыш кәсіподақ ұйымы кіреді.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бүгінгі күнге дейін облыстық ұйымның құрамына қосымша 18 бастауыш кәсіподақ ұйымы кірді. Бүгінгі күні облыстық ұйымның құрамында 17 мыңға жуық кәсіподақ мүшелері бар. 2022 жылы 37 бастауыш кәсіподақ ұйым (707 мүше) қатарға қосылды.

Жұмыс істейтін кәсіподақ мүшелерінің саны – 15 381, оның ішінде: әйелдер – 10 107 немесе 55 %, 29 жасқа дейінгі жастар – 2 143 адам, 35 жасқа дейінгілер – 2126.

Жалпы, Түркістан облысында білім беру саласында 140 мыңға жуық жұмысшы еңбек етсе, оның 17 мыңы Түркістан облыстық кәсіподақ ұйымына мүше.

Әлеуметтік әріптестік.

Алға қойған мақсаттарға жетудің маңызды бағыттарының бірі – әлеуметтік әріптестікті дамыту. Әлеуметтік әріптестікті нығайту және қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасымен 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы келісімге қол қойылды. Сондай-ақ, 2023 жылға арналған әлеуметтік әріптестік бойынша жұмыс жоспары бекітілді. Алайда салалық комиссияның отырыстары өткізілген жоқ.

Түркістан облыстық кәсіподақ ұйымы мен Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті, Облыстық еңбек инспекциясы басқармасы арасында ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды.

Облыстық ұйым өкілдері Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының барлық жұмыс комиссияларының құрамына енгізілген.

Аймақтық келісім мен ұжымдық шарттардың әлеуметтік және құқықтық нормаларын түсіндіру мақсатында білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.

2022 жылы 160 бастауыш кәсіподақ ұйымында ұжымдық шарт жасалды (2021 жылы – 131). Басқа білім беру ұйымдарында ұжымдық шарттар жасау рәсімдері жүргізілуде.

Әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету, яғни қатты отын және коммуналдық қызметтерге жұмсалған шығындардың өтемақысын төлеуде оң динамика байқалады.

Әлеуметтік әріптестермен, Мәслихаттармен бірлескен жұмыстың нәтижесінде білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне қатты отын мен коммуналдық қызмет шығындарын өтеу туралы келісімге қол жеткізілді. 2021 жылы өтемақы мөлшері – 3 АЕК, ал 2022 жылы – 5 АЕК құрады. Жаңа Сауран ауданы бойынша бұл бағыттағы жұмыстар жүргізілуде.

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен бір адамға міндетті медициналық тексеруден өтуге бөлінген қаржы көлемі 1500 теңгені құрайды.

Білім беру ұйымдарындағы ұжымдық шарттардың нормаларына сәйкес негізгі жұмысынан босатылмаған бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларына күнтізбелік 5 күн, сондай-ақ бухгалтерлерге, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға, кітапханашыларға – жыл сайынғы еңбек демалысына қосымша 3 күн ақылы еңбек демалысы беріледі.

Құқықтық жұмыс. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

Түркістан облыстық ұйымы құқық қорғау қызметін тиімді жүргізу мақсатында жұмыстар жүргізуде. Бұл ретте қызметкерлерден келіп түскен өтініштерді (арыз-шағымдарды) сапалы әрі жедел шешу және заңгерлік кеңес беруді жүзеге асырып отырады. Барлық бастауыш ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өнідірістік кеңестер құрылған.

2021 жылмен салыстырғанда құқықтық көмек көрсету екі есеге артты. 2022 жылы 221 кәсіподақ мүшелеріне құқықтық көмек көрсетілді (2021 жылы – 103 адам).

Ұсынылған статистикалық есепке сәйкес 2022 жылы электронды пошта арқылы 308 өтініш қаралған. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 128 өтінішке көп.

2022 жылы білім беру ұйымдарында 9 қоғамдық бақылау жүргізілді (2021 жылы – 9). Нәтижесінде, жұмыс берушілерге еңбек жағдайын жақсарту және еңбек қауіпсіздігін арттыру бойынша ұсыныстар берілді.

Ақпараттық жұмыс

Облыстық ұйым Facebook әлеуметтік желісін белсенді қолдануда. Сонымен қатар мүшелік ұйымдармен WhatsApp мессенджері арқылы жұмыстарын жүргізуде.

Facebook парақшасында 1900 жазылушы бар (2021 жылдың ақпанынан бастап). Онда сұрақ-жауап айдары жарияланып отырады. Бұған дейін облыстық ұйымның ресми сайты жұмыс істеп келген. Жауапты қызметкердің болмауына байланысты сайт уақытша тоқтатылды. Ресми сайтты ағымдағы жылдың соңына дейін іске қосу жоспарлануда.

2022 жылы Орталық комитеттің ресми сайтына және Facebook әлеуметтік желісіне орналастыруға 10 материал жіберілді (2021 жылы – 16 материал).

Облыстық ұйым төрағасы жергілікті телеарнада – 1, баспа беттерінде 2 сұхбат берді. Ақпараттық платформалар мен телеарналардағы сұхбаттарды көбейту жоспарлануда.

Кәсіподақ активін оқыту.

Облыстық ұйым Орталық комитет пен Адами әлеуетті дамыту басқармасымен бірлесе отырып, сала қызметкерлері мен жұмыс берушілерге еңбек заңнамасының нормаларын, еңбекақы төлеу, кәсіподақ белсенділерін оқыту, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек дауларын шешуде келісімге келу мақсатында семинарлар мен тренингтер өткізді.

Мәселен, 2022 жылы кәсіподақ оқуына 1 122 адам қамтылды (2021 жылы – 109 адам), оның ішінде кәсіподақ мүшелері – 410, бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері – 204, кәсіподақ активі – 340, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары – 168.

Сонымен қатар, 2022 жылы келісу комиссиясы бойынша 4 семинар ұйымдастырылып, оған 250 адам қатысты. Келісу комиссиясының маңыздылығын ескере отырып, 2023 жылы 2 семинар ұйымдастырылып, оған 395 адам қатысты.

Жұмысшыларды кәсіподақ мүшелігіне тарту мақсатында бәсекелес кәсіподақ ұйымдарының еңбек ұжымдарымен 250-ден астам кездесулер өткізілді.

Сондай-ақ, облыстық ұйым өкілдері ZOOM платформасын пайдалану арқылы Орталық комитеттің ұйымдастыруымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі семинарға қатысты.

2022 жылы Түркістан қаласында Салалық кәсіподақ пен Оқу-ағарту министрлігі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыру және басқа да мәселелер бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшыларымен семинар өткізді.

Кәсіподақ мүшелерін сауықтыру, материалдық және қайырымдылық көмек көрсету.

Кәсіподақ мүшелерін сауықтыру – ынталандыру жұмыстарымен тікелей байланысты бағыт. Кәсіподақ мүшелерінің жазғы демалысын ұйымдастыру үшін 2021 жылы 114 адам сауықтырудан өтіп, 13 514 000 теңге жұмсалды. Ал 2022 жылы – 334 адам сауықтырудан өтіп, 42 020 000 теңгені жұмсалды. Өткен жылмен салыстырғанда сауықтырудан өткендердің саны 220-ға артты.

Денсаулығына байланысты, кәсіподақ мүшесінің жақын туысы қайтыс болғанда және т.б. жағдайда материалдық және қайырымдылық көмек (денсаулығына байланысты 30 000 – 50 000 теңге, қызметкердің өзі қайтыс болған жағдайда 100 000 теңгеге дейін) көрсетіледі.

Ынталандыру жұмыстарын жүргізу мақсатында 2021 жылдың қыркүйек айында Түркістан облысында жергілікті атқарушы органдардың, әлеуметтік әріптестердің, педагогикалық еңбек ардагерлерінің, сала

қызметкерлері, кәсіподақ белсенділері және т.б. қатысуымен «Үздік бастауыш кәсіподақ ұйымы – 2021» республикалық байқауының қорытындысы ұйымдастырылды.

2022 жылы Халықаралық еңбек ұйымы мен Орталық комитеттің бастамасымен Қазақстан және Өзбекстан кәсіподақ көшбасшыларының халықаралық конференциясы ұйымдастырылды.

Сондай-ақ қызметкерлерді мүшелікке тарту мақсатында алғаш рет техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қызметкерлері арасында республикалық спартакиада өтті. Аталған шараның нәтижесінде колледждердің бастауыш кәсіподақ ұйымдарының саны 4-тен 13-ке дейін артты.

Жыл сайын мемлекеттік және ұлттық мерекелерге орай кәсіподақ мүшелерін марапаттау шаралары өткізіледі. Еңбек демалысына шыққан зейнеткерлерге Алғыс хаттар, Құрмет грамоталары және 15 000 теңге көлемінде материалдық көмек көрсетіледі.

Сонымен қатар, кәсіподақ қозғалысы мен білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, Ғылым және жоғары білім министрлігінің, ҚР Кәсіподақтар федерациясының және Орталық Комитеттің наградаларымен марапатталады (2019-2023 жж.).

2021-2023 жылдары басқару органдарының отырыстары өткізілді:

- 2021 ж. Атқару комитеті – 6 отырыс, 2022 ж. – 1 отырыс, 2023 ж. бірінші жартысында – 3 отырыс;
- 2021 ж. Облыстық комитет – 6 отырыс, 2022 ж. – 2 отырыс, 2023 ж. бірінші жартысында – 1 отырыс.

Құжаттар істер номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.

Практикалық және әдістемелік көмек көрсету барысында бұзушылықтар анықталды.

Облыстық кәсіподақ ұйымының басшы органдарының хаттамалары мен қаулылары тиісті деңгейде ресімделмеген.

Жастармен, ардагерлермен, еңбек етуші әйелдер ісі жөніндегі комиссиямен жұмыстар жүргізілмейді. Жоғарыда аталған кеңестердің құрамы жасақталмаған.

Орталық комитет өкілдерімен аталған кемшіліктерді ретке келтіріп, 2023 жылдың 1 желтоқсанына дейін жүргізілген жұмыстар жөнінде Орталық комитетке ақпарат беру ұсынылды.

Түркістан облысында құрамында бірнеше бастауыш кәсіподақ ұйымдары бар 13 жергілікті кәсіподақ ұйымдары бар. Олар тек қаражат жинаумен айналысады, сонымен қатар жоғары тұрған кәсіподақ ұйымдарының құрамына кірмейді және тиісінше әлеуметтік әріптестік туралы келісімдері жоқ екендігін атап өту қажет. Аталған кәсіподақ ұйымдары Түркістан облысы шегінде өз мүшелерінің мүддесін қорғай

алмайды, сәйкесінше әлеуметтік әріптестермен бірлесіп жұмыс комиссиялары мен әлеуметтік жобаларға қатыспайды.

Өкінішке қарай, сала қызметкерлерінің көпшілігі қай Салалық кәсіподақ ұйымының құрамында екені туралы хабарсыз немесе білім беру ұйымы әкімшілігі тарапынан қысым көреді.

Адами әлеуетті дамыту басқармасы заңды күшіне енген Келісімді елемей, тіркеуден өтпеген, сондай-ақ заңды күші жоқ жарамсыз келісім аясында «Түркістан облысы білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ-мен (бұдан әрі – жергілікті кәсіподақ) жұмыс жүргізген. Басқарма мен Жергілікті кәсіподақ ұйымы арасындағы келісім Кодекске қайшы келеді. Түркістан облысы Еңбек инспекциясы басқармасында (бұдан әрі – Инспекция) қате тіркелген.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Түркістан облыстық ұйымы» ҚБ-ның тиісті арызы бойынша аталған заңсыз тіркеу жойылып, заңсыз тіркеуге жол берген Инспекцияның жауапты қызметкеріне тәртіптік шара қолданылды. Осылайша, Басқарма мен Жергілікті кәсіподақ арасындағы келісім мемлекеттік тіркеуден өтпегендіктен жарамсыз болып табылады.

Ұйымдастыру жұмысы бөлімі